

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған
Куркимбаева Айжан Муратовнаның
«Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар
(ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты
диссертациясына

ПІКІР

Докторант А.М. Куркимбаеваның диссертациялық зерттеуі ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде туристік блог-дискурста қолданылатын коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды зерттеуге арналған. Тақырып тың болып табылады, бұгінгі күні коммуникация стратегиялық мақсатты көздей отырып жүзеге асатындығы айтылады. А.М.Куркимбаеваның диссертациялық зерттеуі өзекті тақырып аясында орындалды, өйткені соңғы бірнеше жыл ішінде әлемдегі туристік индустрия интернет кеңістігінде тез дамып, адресанттар өз ақпаратын еркін таратып адресаттармен бөлісе алатын коммуникативті-дискурсивті алаңға айналды. Бұгінгі таңда туристік блогингті туристік бағыттарды жылжыту ниетін жүзеге асыру үшін пайдалану үрдісі жүзеге асып отырғандығы байқалады.

Туристік блогингты зерттеу объектісі ретінде қарастыруда негізінен шетелдік ғалымдардың еңбектерімен қатар отандық жас ғалымдардың еңбектері де қарастырылған.

Автор дискурстың заманауи түрлерінің бірі туристік блог-дискурсті кешенді түрде зерттеді. Зерттеу барысында докторант алғаш рет ағылшын тілі және қазақ тілі материалдары негізінде туристік блог-дискурста қолданылатын коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды жүзеге асыруши тілдік тәсілдерді жүйелі зерделеген. Адресаттарға ықпал ету деңгейі жоғары тілдік бірліктер мен құралдардың жиырмадан аса түрі нақты мысалдармен дәлелденуі туристік блог-дискурс табиғатының жаңа қырын ашады. Зерттеу жұмысында, туристік блогинг туристік дестинациялар мен туристік өнімдерді нарықта дамытудың маңызды алаңына айналды, туристік блог жүргізу тек туристік ақпаратты беру арнасы немесе құралы ғана емес, сонымен қатар адресаттарға туристік өнімді сатып алуға итермелейтін сипатқа ие болуымен түсіндіріледі. Коммуникативтік стратегиялар, сондай-ақ оларды жүзеге асыратын тактика мен тәсілдер, саяхат блогы хабарларының мысалдары негізінде қарастырылған.

А.М. Куркимбаеваның диссертациясы бастапқы қойылған мақсатқа сәйкес орындалды, зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді. Ғылыми нәтижелер мәлімделген зерттеу мақсатын шешуге қызмет етеді. Диссертацияның құрылымы зерттеудің мақсаттары және міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыс кіріспе, З бөлім және әр бөлім бойынша үш тақырыпшадан, әр бөлім

бойынша тұжырымнан, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімі және қосымшалардан тұрады.

Зерттеуші блогтың жанрлық және функционалды-семантикалық белгілері анықтап, зерттеуші-ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып өз тарапынан блог, блог-дискурс, туристік блог-дискурс түсініктеріне анықтама ұсынған. Зерттеу материалдары негізінде автор туристік блогингта қолданылатын алты коммуникативтік тактика: туристік дестинацияның салт-дәстүріне құрмет, персуазивті сипаттағы тақырыппаттарға апелляция, кеңеске жүгіну, діни туризм сегменті бойынша сакралдылыққа жүгіну, діни іс-шараларға апелляция спорттық туризм бойынша спорттық іс-шараларға апелляция тактикаларын ұсынып, талдаған. Диссертациялық жұмыста автор үні айқын байқалады, бұл жұмыс құндылығын арттыра түседі.

Ізденушінің зерттеу нәтижелері 18 ғылыми еңбектерде, оның ішінде 2 мақала Q1 Scopus мәліметтер базасына кіретін журналдарда, 7 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 7 мақала халықаралық журналдарда жарияланды. 1 мақала ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысында, 1 мақала ҚазҰКПУ – нің Хабаршысында жарияланды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесі» талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Куркимбаева Айжан Муратовнаның «Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты диссертациясы «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Пікір беруші:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Шетел филологиясы және аударма ісі
кафедрасының PhD докторы**

Тел: +7 707 578 2069

E-mail: kuralay.kenzhekanova@mail.ru



Қ.К.Кенжеқанова